

Ұлы ер жеткен ата-ана баласына қалыңдық іздеп, мүмкіндігінше текті елдің, абыройлы әулеттің қызына құда түскісі келетіні жасырын емес. Құдалы-құданды болу да өз алдына мәні зор қуаныш. Ауыл ақсақалдары ақ батасын беріп, жас жұбайларға ақжолтай тілеп жатады. «Көп тілегі – көл» демекші, ақ отауға енгендер де өз кезегінде алдымен ата-анасын, одан қалса дүйім елдің үмітін ақтауға әрекеттеніп бағады.

Бөріне бірдей топырақ шашпайық, дегенмен, бүгінгі жастардың көпшілігі отбасылық ауыртпалықтарды еңсеруге дәрменсіздік танытып жатады. Содан да отау құрғандарына жыл толмай жатып ажырасып кетеді. Бұл тек жастардың өзіне ғана емес, жаңадан құдандалы болған екі тарапқа да ауыр тиеді. Мысал ретінде ажырасудан аузы күйген бір танысымының басынан өткерген оқиғасын айтып берейін.

Көптен араласып жүрген бір жөжактымыз келін алды да, қаладағы қымбат мейрамханалардың бірінде дүркіретіп той жасады. Арадан бірер ай өткенде әлгі танысымды тағы кездестіріп қалдым. Көңілінде мұң бар екенін аңғару қиын емес еді. Жөн сұраса келе білгенім, жаңа келін ақ босағаны аттамай жатып өзінің біраз «ұсыныстарын» айтыпты. Біріншісі, дүркіретіп той жасау болса, екіншісі – «заманға лайықты өмір сүру»... «Алғашқы «өтінішін» әуіріммен орындадық, кейінгісі ауырлау соқты. Өйткені жер үйді жайсыз көрген

ол пәтер жалдап тұрғысы келеді екен. «Біреудің әлпештеп өсірген қызы ғой, жыламай жүрсе болды» деп азын-аулақ жиған-тергенімнің басын құрап, қаладан үй алып беруді қолай көрдім. Бірақ тірнектеп жиған 5 миллион теңге ақшамның 3 миллионын той өткізуге

Осы ретте тектілік жайлы ата-бабаларымыз бекер айтпаған екен ғой деген ой келеді» деп ақтарылған жөжактымызды жұбатарға сөз таппай қалдым.

Иә, адамның тегіне қарап теңін іздеуі тек біздің қазақта ғана емес, жапондарда да бар екен. Олар текке

кім базбіреулер үшін сөз етуге де тұрмайтын ұсақ-түйек шығар, бірақ үйленіп, үй құрап жатқан үш жұптың біреуі ажырасып жатқан бүгінгі қоғамда бұған тереңірек мән бермесек тағы болмайды. Статистикаға сенсек, өткен жылы еліміз бойынша 129707 жұп некеге тұр-

Жастарға мемлекет тарапынан қамқорлық жасайтын бағдарламалар да баршылық. Бүгінде мемлекеттік тұрғын жай қорынан баспана алу кезегінде 636,3 мыңнан астам адамның кезекте тұрғанын, оның 415,7 мыңы әлеуметтік осал топтарға жататынын ескерсек, тепсе темір үзетін жастарға әлбеттен жақсылық жасалып жатыр дегенді қисыны келмейді. Дегенмен, мемлекетіміз жұмыс істейтін жастар мен жас отбасыларға мүмкіндігінше қамқорлығын жасап келе жатқанын да жасырмағанымыз жөн. Мәселен, «Отбасы банк» жас отбасы бағдарламасын іске асыру арқылы бұл салада біраз жеңілдіктер болып жатқанын ақпарат құралдары арқылы айтып жатыр. Бірақ осынау 5-6 пайыздық несиенің өзі кейде жаңадан отау құрған жастарға ауыр соғып жатады.

Жалпы, жас жұбайлардың өмірі болып кетуіне қоғам болып өткізілуіміз керек. Атсалысқанда, жөн жосықсыз шығынға бата бермей, олардың ертерек баспаналы болуына жағдай жасасақ, соның өзі үлкен демеу болады. Сол үшін үлкендер жағы жалған намысқа бой алдырмай, той жасағанда дарақылыққа жол бермесе, осының өзі біраз мәселені оңтайлы шешуге жол ашады. Қазіргі заманда үйлену оңай, бірақ үй болу, үйлі болу – қиынның қиыны екенін қаперде ұстайық.

**Кеңес БАЙЖАНОВ,**  
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік**  
**Қазақстан университетінің**  
**доценті.**

# Дарақылық жарға жығады

жұмсасам, қалғаны алғашқы жарнасын төлеп, ипотекаға үй алуға жетер деген ішкі есебім болған. Бірақ «үйдегі сауданы базардағы нарық бұзды» дегендей, біздің жоспарды да құдалар бұзды. Жаңа құдалармен еріп келетін жиырма адамның жұбын жазбай бөріне де алтынмен аптап, күміспен күптеуіміз керек екен. «Шешінген судан тайынбас». Оған да көндік. Бірақ сол көңілшітіміз келінімізден айырып тынатынын қайдан білейік. Бұрынғылар «қарыз ал да, қатын ал, қатының қалар жаныңда» дегенді бекер айтпаған шығар, біз де тәуекел етіп көрейік деп біраз қарызданып қалыппыз. Бүгінде баламыз өзін қарызға батырып кеткен келіннің көсірінен көз ілмей, бел жазбай жұмыс істеп жүр-

қарауды өте қажет деп есептейді. Күншығыс елінің тұрғындары қан тобы арқылы адамның мінез-құлқын да тани біледі. Жапондардың топшылауынша, бірінші қан тобындағылар өз-өзіне сенімді, шешімді кесіп айтатын жандар. Екінші топтағылар – іштен тынып жүретіндер. Үшіншіге жататындар – зерек, адал, ақкөңіл. Тамырында төртінші топтың қаны тулап жатқандар сабырлы, байсалды болады екен. Қызығы сол, жапондық жұмыс берушілер екі қолға бір күрек іздеп келген жандарды да қан тобына қарай жұмысқа алатын көрінеді. Біздің ата-бабаларымыздың «тегіне қарап қыз ал» дейтіні жапондардың қан тобына қарап жұмысқа қабылдайтыны сияқты бекер болмаса керек. Бұл бөл-

ған болса, соның 51220-ның дәм-тұзы жараспаған. Яғни жаңа үйленген жастардың 39,4 пайызы ажырасып кеткен. Сарапшылардың пікіріне қарағанда, жас отбасылардың ажырасуына көбіне әлеуметтік жағдайының төмендігі себеп болады екен. Ал, әлеуметтік жағдайды түзеу үшін, бөлкім, жоғарыда айтқанымыздай – дарақылық пен даңғойлықты азайту керек шығар. Қымбат тойханада той өткізу, құда-құдағиларға қымбат тондар мен бриллиант сыйлау сынды ауыр жүктемелер жас келіннің түскен жерін өбден діңкелататыны белгілі ғой. Бұл қиыншылық екінші қиыншылықты – отбасылық табыс жетіспеушілігін тудырады. Осыдан барып жас жұбайлар жыл өтпей жатып жүз шайысып жатады.